

Ғимараттар мен құрылыстардың кенеттен құлауы кезінде

Басшының іс-әрекеті:

- 1) «112» бірыңғай кезекші-диспетчерлік қызметіне дереу хабарлау;
- 2) объектінің әрбір бөлігінде адамдардың болуын тексере отырып, білім алушылар мен персоналды объектіден дереу эвакуациялауды ұйымдастыру;
- 3) эвакуация жүргізу барысында өту жолдарында дүрбеленнің және кептелістің болмауын қадағалау;
- 4) зардап шеккендерге алғашқы көмек көрсету;
- 5) ғимараттан қауіпсіз қашықтықта жинау орнын анықтау;
- 6) қызметкерлерді, ПОҚ және білім алушыларды шақыруды ұйымдастыру.

Персоналдың (қызметкерлер, ПОҚ) және білім алушылардың іс-әрекеттері:

- 1) ғимараттан тезірек кетуге тырысу;
- 2) әкімшіліктің нұсқауы бойынша әрекет ету;
- 3) үй-жайдан баспалдақ арқылы шығу;
- 4) эвакуация кезінде дүрбелең мен кептеліс тудырмау;
- 5) зардап шеккендерге алғашқы көмек көрсету;
- 6) көшеде ғимараттардың жанында тұрмай, ашық кеңістікке және эвакуациялау орындарына бару;
- 7) ғимараттан шығу мүмкіндігі болмаған кезде, ең қауіпсіз орынға: күрделі қабырғалардың саңылаулары мен бұрыштары, қаңқа арқалықтарының астына тұру;
- 8) мүмкін болса, үстелдің астына жасырыну - ол құлайтын заттар мен сынықтардан қорғайды;
- 9) терезелер мен электр аспаптарынан аулақ болу.

Қауіпсіздікті қамтамасыз ететін тұлғалардың іс-әрекеттері:

- 1) объектінің мекенжайы мен нөмірін, құлау орнын атай отырып, «112» нөмірі бойынша бірыңғай кезекші-диспетчерлік қызметіне дереу хабарлау;
- 2) объектіні хабардар ету жүйелерін іске қосу және құлау және іс-қимыл тәртібі туралы хабардар ету;
- 3) объектінің әрбір бөлігінде адамдардың болуын тексере отырып, адамдарды объектіден уақтылы эвакуациялауды бастау;
- 4) алғашқы өрт сөндіру құралдарымен өртті оқшаулау және сөндіру жөнінде шаралар қабылдау;
- 5) мүмкіндігінше зардап шеккендерге алғашқы көмек көрсету;
- 6) өрт сөндірушілер мен құтқарушылардың кездесуін ұйымдастыру, оларға объектіге кіру орындарын, өрт гидранттарының люктерін орналастыруды, эвакуациялау жоспарын және жоспардағы құлаған орынды көрсету;
- 7) өрт сөндірушілер келгеннен кейін ішкі істер органдарының қызметкерлері келгенге дейін аумақты қоршау және авариялық-құтқару жұмыстарын жүргізуге тартылмаған адамдардың оған кіруіне тыйым салу.

Үйінділерде қалған жағдайда тұлғалардың іс-әрекеттері:

- 1) терең тыныс алу, дүрбелең мен қорқынышқа бой алдырмау;
- 2) бетімен төмен қарап, қауіпсіз жерге (үйінді бұрыштары) жылжуға тырысу;
- 3) өзіңізді тексеріп, мүмкіндігінше өзіңізге алғашқы көмек көрсету;
- 4) айналадағы кеңістікті барынша сақтықпен кеңейту;
- 5) металл заттармен ритмді соғу арқылы сигнал беру;
- 6) шығатын орын тар болған жағдайда, бұлшық еттеріңізді босаңсытып, шынтақтарыңызды денеңізге қарай қысу;
- 7) үміт үзбеу және көмек күту.